



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

Ғ.М.МҰТАНОВ,  
ҚазҰУ ректоры, академик

## Ел мерейі үстем болсын!!!

Жаңа жыл қарсаңында ескі жылды қорытындылап, келер жылдың жақсы болуын баршамыз да тілейміз. Кез келген жан келер жылдан ерекше қуаныш пен жақсылық күтеді. Өтіп бара жатқан жылға салауат айтып, келер жылға үміт артады.

Саралайтын болсақ, Барыс жылы қазақ елі үшін толағай табыстарымен ерекшеленді. Барыс жылын біз ЕҚЫҰ төрағалығымен бастап, жыл соңын Астана саммитімен қорытындыладық. Бұл белестер жыл бойындағы сүбелі үлестердің санаулы да ең абыройлы жемісі.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бұл жылы да талапкерлерді қабылдау науқанында көшбасшы болуы – Барыс жылының ҚазҰУ үшін табысты болғандығының бір ғана мысалы.

Келер жылды біздің ел тарихи маңызы бар елеулі оқиғалармен бастамақ. ЕҚЫҰ-ға төрағалығын биік дәрежеде тиянақтаған Қазақстан ілешала Ислам конференциясы ұйымына төраға болмақ. Ысылып қалған мемлекет оны да кәсіби деңгейде тұжыратынына қазірдің өзінде ешкім шүбә келтіріп отырған жоқ. Сонымен қатар, VII қысқы Азиада ойындары да есікті қағып келіп тұр. Бұл айтулы жаңалықтар қазақ елінің беделін тағы да асқатата түсері анық. Жыл басын абыроймен қарсы алғалы отырған бастамамыз баянды болып, жаңа жыл асулардан асуларға жетелей берсін. Бұл жыл ел ғылымы мен білімін шарықтатып, кемелденуіне тірек болсын деген тілек айтамын.

Құрметті әріптестер мен студенттер! ҚазҰУ алдындағы үлкен міндет – білім ордасын Ұлттық зерттеу университетіне айналдыру. Осы бағытта бірігіп жұмыс істеп, киелі қарашаңырақтың мерейін асқатата берейік. Қазақстан жоғары оқу орындарының көшін бастап тұрған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлемдік университеттер рейтингісінің алдыңғы қатарынан көрінуіне баршамыз аянбай еңбек етіп, алдағы міндеттерді толық атқарамыз деп сенемін. Жаңа жылда отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін.

Жаңа жыл еліміз үшін, қасиетті білім ордасы үшін береке мен табысқа толы құтты жыл болғай!!!

## Қазақ әуендері Израиль аспанында асқақтады



**Тәуелсіздік мәні сарылып жеткен қазақ үшін аса құнды. Сондықтан, оны қалай қастерлесек те жарасады. Қазірде Қазақстан өз Тәуелсіздік мерекесін әлемге паш етуде жер жүзінің түкпір-түкпіріне ресми сапарлап қана емес, әр университеттен өнерпаз студенттерді апарып, ұлттық өнерін насихаттау арқылы да көрсетіп келеді. Соның бірі – республикамыздың жетекші білім ордасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті студенттерінің Израильде қойған концерті. Оның мақсаты – қазақтың Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында шетелдіктерге ұлттық өнеріміздің мәуелі мәйегін таныту.**

Студенттік шақтың қызықтары таусылған ба? Әсіресе, біздің университеттегі. Бірақ, дәл осындай тосын сыйға ие боламын деп басында ойламаппын. Күтпеген күні жақын арада Израильге барарсың ба деген ұсыныс түсті. Күнде, тіпті жылына бір рет түсе бермейтін бұл ұсынысты екі қолымды көтере қолдадым. Маған қойылатын негізгі талап – домбырамен өнер көрсету. Тез арада керекті құжаттарды жинап, кей жұмыстарды

реттегенше ынтықтыра күткен Израильге ұшатын күн де келіп жетті. Ұшаққа отырғаннан көңілді өзгеше ауа-райы жайлады. Қанша дегенмен, басқа мемлекет. Өзге дінді ұстанған адамдардың көзқарасы, қазақ халқына деген әсері қандай болады? Осы секілді ойларды өзімізбен арқалап кеттік.

Қазақ өнеріне шетелдіктер кезекті рет тәнті болды. Бір айырмашылығы, бұл жолы оларға біз қонаққа бардық.

Желтоқсанның 11-16 жұлдыздары аралығында ҚазҰУ-дың өнерпаз студенттері университет ректоры Ғалымқайыр Мұтановтың қолдауымен, бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаевтың бастауымен Израильде іс-сапармен болып қайттық. Басты мақсат: Қазақстан тәуелсіздігі мерекесіне орай ұйымдастырылған іс-шараларға қатысу, сонымен қатар ұлттық өнерімізді паш ету. Ол жағынан таңдай қақтырамызға күмән болмады. Себебі, Галия Есмұханбетованың жетекшілігіндегі «Бақыт» би ансамблі, әнші Мөлдір Бақытжанқызы, қобызшы әрі біздің жетекшіміз Зита Сыбанбаева осыған дейін шет мемлекеттерден жұлдесіз оралған емес. Оған Ерғали Анесовпен бірге мен де домбырашы болып қосылдық.

(Жалғасы 3-бетте)

### БҮГІНГІ санда:

**Иран университеттері  
ҚазҰУ-мен  
әріптестікті  
қолдайды**



2-бет

**ҚазҰУ мен  
ЦУКУБА  
университеті  
арасындағы  
алтын көпір**



4-бет

**ТҰҒЫРЛЫ  
ТӘУЕЛСІЗДІК**



6-бет



# Иран университеттері ҚазҰУ-мен әріптестікті қолдайды

Әлемдік саясатта беделді орны бар Қазақстанда рейтингісі жоғары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен Иран университеттері әріптестік орнатуға мүдделі. Бұл туралы 15 желтоқсанда ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтановтың қабылдауында болған Қазақстан Республикасындағы Иран Ислам Республикасы Елшілігі Мәдени өкілдігінің жетекшісі Деловар Мұхаммад мәлімдеді.

Қазақстан-Иран екіжақты ынтымақтастығын арттыру мақсатында, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Иран жоғары оқу орындары тығыз қарым-қатынастықты арттыратын болды. Бұл туралы екі тарап та қолдан келген барлық мүмкіншіліктерді жасамақ.

«Кезінде Ұлы Абай парсы әдебиетіне көп көңіл бөлді. Бұл қазақ руханиятында парсы әдебиетінің өзіндік орны бар екендігін көрсетеді. Сондықтан, еліміздегі жетекші білім ордасы болып танылатын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Иранның алдыңғы қатарлы беделді университеттерімен тығыз әріптестік байланыста болуы керек деп есептеймін» деді кездесуде ҚазҰУ



ректоры Ғалымқайыр Мұтанов. Өз кезегінде Деловар Мұхаммад ҚазҰУ студенттерінің Иран білім ордаларынан тәжірибеден өтуіне мүмкіндік туғызып, оларға қолдау көрсетуге септігін тигізетіндігін жеткізді. ҚР Иран Ислам Республикасы Елшілігі жанындағы мәдениет өкілдігінің жетекшісі ҚазҰУ шығыстану факультетінің оқытушыларын Те-



геран университетінде тәжірибе алмасуға шақырды. «Онда өз студенттеріңізге қажетті оқулықтарды дайындап қайтуға болады» деді елшілік өкілі. Сондай-ақ, ол екіжақты әріптестікті нығайту үшін бұдан өзге барлық мүмкіншіліктерді қарастыруға болатынын жеткізді.

Үлкен бастамаға ұсыныс жасап отырған әріптестеріне алғысын жеткізген ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов: «Мәдени байланыс жақсы орынға қойылса, қалған сала бойынша да биік әріптестікке жетуге болады. Сіздердің тараптарыңыздан көрсетіліп отырған қолдауларыңызға алғыс білдіремін», - деп ризашылығын білдірді.

Кездесу соңында тараптар екіжақты естелік сыйлықтармен алмасты.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

22 желтоқсан күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде химия факультетінің ұйымдастыруымен ҚР ҰҒА академигі Қайыр Ахметұлы Жұбановтың 75 жылдығына арналған «Әр түрлі функциональды көміртек, минералды және өсімдік текті шикізатты жаңа материалдарды алудың тиімді жаңа технологиясы» атты халықаралық ғылыми конференция өтті.

## Қайыр Жұбановтың 75 жылдығына арналған конференция өтті

Қайыр Жұбанов — катализ және химиялық технология салаларындағы белгілі ғалым, ол ғылымды маңызы өте зор еңбектерімен байытқан. Оның жетекшілігімен 7 ғылым докторы, 28 ғылым кандидаты дайындалған. 375 ғылыми мақала, 7 монография, 20 оқу құралын жазған. Ғылыми жұмыстарының нәтижесі бойынша өнертабысқа 60 авторлық куәлігі және ГФР, АҚШ, Англия, Франция елдерінің 8 патенті бар. Қазақстанда станционарлық катализаторлар қатысында органикалық және бейорганикалық заттарды үздіксіз өндеудің жаңа бағыттарына негіз салды. 1992 жылы академик Қайыр Жұбановтың жетекшілігімен химия факультетінде Жаңа химиялық материалдар және технологиялар ғылыми-зерттеу Институты ашылды. Қайыр Жұбанов — «Көмірді, оның өнімдерін, газды терең өндеудің ғылыми негізі, шикі және жасанды мұнайды дайындау, мұнай бергіштігін арттыру» деп аталатын фундаменталды зерттеу бағытының жетекшісі.

Екі күнге созылған конференцияға бірінші проректор Мұхаметқали Бүркітбаев, х.ғ.д., профессор Жақсынтай Қайырбеков, Ресей елінен Александр Рогачев, АҚШ Нотр-Дам университетінен Александр Мукосян, факультет студенттері және т.б. келіп қатысты. Барлық оқылған баяндамалар слайдпен көрсетіліп отырды. Сондай-ақ, конференция тақырыбына арнайы жасалған магистранттар мен докторанттардың баяндамалары да тыңдалды.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

### ■ Презентация

Дипломатический клуб «Талейран» в рамках профориентационной недели с 26 ноября по 3 декабря провел презентации в выпускных классах школ г. Алматы о КазНУ им. аль-Фараби, факультете международных отношений и дипломатическом клубе «Талейран». Студенты посетили школы № 105, №103, №79, «Арман» и «Магистр».

## Дипломатический клуб «Талейран»

Кроме презентации, по инициативе членов Дипломатического клуба в увлекательной форме была проведена интеллектуальная игра «Будущий дипломат», целью которой было заинтересовать будущих абитуриентов, показав им в интересном и познавательном формате разносторонность и специфичность деятельности дипломата и специалиста-международника. Старшеклассники могли проверить свои познания в различных областях, таких, как география, история, мировая культура, политика и искусство.

Наиболее активные одиннадцатиклассники были приглашены 2 декабря на факультет международных отношений на «День открытых дверей» и награждены дипломами.

Соб. корр.

### ■ Қазақ елі

# Жерұйық – қазақ елінің брэнді

Бұл идеяны XV ғасырда Асан қайғы қалыптастырып кеткен. Қазақ азаматтарының бүгінгі басты мақсаттарының бірі де бірегейі әлемге осы құндылықты түсіндіру. Бұл тұжырым 24 желтоқсан күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінде өткен «Қазақ ұлтынан – Қазақ еліне» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға өзек болды.

Аталмыш шараға Парламент сенатының депутаты, Ұлттық ғылым академиясының академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Есім, Парламент сенатының депутаты, Сенаттың халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы, ЕҚЫҰ іс басындағы төрағасының мүсылмандарға қатысты кемсітушілік күрес жөніндегі арнайы өкілі, ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының Қырғызстандағы жағдай бойынша арнайы өкілі Әділ Ахметов, Халықаралық “Диалог-Евразия” қоғамдық қорының президенті Салих Акчай, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шет тілдері және іскерлік карьера университетінің ректоры Сабри Хизметли және бірнеше ғалымдар мен саясаттанушылар қатысты. Жиын барысында Ғарифолла Есім, Ақтолық Құлсариева және Гүлмира Сұлтанбаеваның авторлықтарымен жарық көрген “Қазақ ұлтынан — Қазақ еліне” кітабының тұсауы кесілді. “Ел — ердің намысы. Біз мемлекет құрушы халықпыз. Ұлт — мемлекет деген ұғымды

білдіреді. “Ұлт” ұғымын бізге Сталин, Ленин тауып берген. Абай, Бұқар жырау, Шалкиіздің мол мұрасын қараңыз, “ұлт” деген ұғымды емес, “ел” деген түсінікпен кездесесіз. Ендеше, “Қазақ ұлты” емес “Қазақ елі” деген атауды алға қоюымыз керек. Ал бізде бірнеше этностар тұрып жатқандығын ескерсек, қазақ елінің мәселесі барлығына ортақ. Барлық тұрғын қазақ тілін білу керек. Мемлекеттік тілде сөйлеу — қазақ елінде тұратын әрбір тұрғынға тиесілі міндет” — дейді депутат Ғарифолла Есім. Осы тәрізді өзекті мәселелер бүгін тұсауы кесіліп отырған кітаптың негізгі мазмұны екендігін айтқан депутат, қазақ тілінде ең алдымен мемлекеттік қызметкер сөйлеу керектігін алға қойды. Және де осы мемлекетте тұратын кез келген жан қазақ елінің азаматы деген атқа сай болу керектігін қадап айтты. Халық қалаулысының бұл ойы Отанын, туған жерін, ділін, ана тілін сүйетін қазақ азаматтарының рухын бір сілкініп тастаса, тіл сындырып жүрген үйренушілерге қазақ тілінің қажеттелігін, болашағының жарқын екендігін кезекті рет ескертіп

өткендей болды. Билікте отырған ел азаматтарының ауызынан естілген мұндай асыл сөздер тарихы тереңде жатқан қазақ елінің болашағының жарқындығына тағы бір сендірді.

“Адамзаттың бәрін сүй бауырым”- дейді хакім Абай. Адамға деген бауырмалдылық пен сүйіспеншілік өмірдегі ең маңызды қасиет. Осы орайда қазақта “Атаңның баласы емес, адамның баласы бол” деген ұтқыр ой бар. Бұл ұғымдарды меңгеру салықалы өмір салтының септігі. Бұл пікірді алға қойған Салих Акчай: “Қазақ елі — жерұйық мекен екендігі даусыз” дейді. “Жерұйық ұғымы Асан қайғыдан бастау алады. Біз бүгінде сол құндылықтарымызды жаңартып, қайта көтеріп отырмыз. Әрбір зерттеу жұмыстарымызда, еңбектерімізде осы идеяны алға тартамыз. Сол арқылы дүние жүзіне “Қазақ елі — Жерұйық” ұғымын қалыптастырымыз жүрміз” дейді философия және саясаттану факультетінің деканы Ақтолық Құлсариева.

Отандық және шетелдік ғалымдар мен мәдениеттанушылардың басын қосқан жиын қазақ елінің рухын көтеріп, бұқара санасында қазақ ұлтына деген сүйіспеншілік сезімді оятты деуге толық негіз бар.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА





Әлқисса... Қазақстаннан ұшқан алғашқы күндегі бірінші бағытымыз Украина болды. Өйткені, Израильге тура баратын бізден ұшақ жоқ. Бес сағатқа жетпес уақытта Киевтің төрінен көріндік. Күн райы біздікіндей, тіпті салқындау ма деп қалдым. Әуежайда үш сағаттай аялдап, әрі қарай ұштық. Алдымызда Израиль...

Алматының қысынан бірден Тель-Авивтің жаз маусымына бірден топ ете қалдық. Күн расында, интернеттен қарағандай жылы екен. Қамданған қапы қалмас. Жаздық киімдеріміз чедоманда сақадай сай болатын. Қазақстандық делегацияны елшіліктен күтіп алып, дәл Жерорта теңізінің жағасындағы екі қабатты үйге орналастырды.

Біз келген сенбі күні қатты таңғалғанымыз жергілікті барлық дүкен жабық. Көліктер мен сапырылысқан адамдар да көрінбейді. Жанымыздағы жол бастаушыдан сұрасақ, бұл еврей халқының жұмасы 16:01-ден сенбі 17:15-ке дейін демалатын «Шабат» дәстүрі болып шықты. Осы уақыт аралығында әркім өз үйінде дұға қылып немесе кітаптар оқып, бір сөзбен айтқанда, демалады екен. Бұл елде жылына кем дегенде екі рет қайталанатын атаулы ерекше күн бар. Ол күндері барлық көлік қозғалысы толықтай бір күнге тоқтайды. Осы кезде ата-аналарымен үйден шыққан бүлдіршіндерге тас жолда әй, бір еркін көсілудің сәті түседі екен.

Екінші әсеріміз, тұрғындар Иерусалим мен Тель-Авив қалалары арасындағы жолдың екі қапталына ағаштарды өз қолдарымен отырғызып шыққан. Бір қызығы өз басым, онда болған алты күннің ішінде біздегідей қымбат Hummer, Lexus көліктерін көрмедім. Себебі, жанармай қымбат. Есепке қай жағынан болмасын жүйрік еврей халқы нарықта есесін жібермейтінін осыдан ақ байқатты. Есесіне көшеде велосипед, мотороллер мінген тұрғындарды шоғырымен кездестіресіз. Таза қала ұранын көтеріп жатқан Алматы қаласына бұл да үлгі боларлық бір мысал.

Сонымен, кешке уақытша үй-жайымызға жайғасқасын, әрі ұшақпен жол жүріп келгендіктен бірінші күнімізді тыныгумен қорытындыладық. Ертеңгі жоспар — қасиетті Иерусалим қаласына саяхат.

Қазақстан мен ол жақтағы уақыт айырымы төрт сағат. Бізде ілгері. Түске таман елшіліктің көлігі келіп делегациямызды алып кетті. Жолай ежелгі Haifa қаласына да соға кеттік. Бірнеше мыңдық тарихы бар көне үйлер мен көшелердің бұзылмай бүгінге сақталып жеткені таңғалдырды. Тель-Авив пен Иерусалимнің арасы алпыс шақырымдай, бір сағатқа толар-толмас уақытта жетіп бардық. Ең бірінші Иерусалим қаласындағы Аль-Акса мешітінде, Иса пайғамбардың дұға қылған, жауларынан жасырынған үңгірінде болдық. «Жартас үстіндегі күмбез» деп аталатын жердегі тасты көрудің сәті түсті. Әуеде ешқандай тіреусіз қалқып тұратын тасты ұстағанда кімнің де болса қатты толқитыны рас. Бір айта кетерлігі, мешітке



# Қазақ әуендері Израиль аспанында асқақтады

кіре берісте мұздай қаруланған жауынгерлер тұрады. Сенен Құран сүресін, мұсылман екен, емесінді сұрайды. Мұсылман екенінді дәлелдесең ғана ішке ене аласың. Мұндай сақтықтың болуы, кезінде мешіттің ішіне кіріп жарылыс жасағандар болған екен. Жанымызда Елшіліктің адамы болғандықтан, мұндай тексеріске түспедік.

Сол күні кешке Иерусалим қаласында есімі өнер бағалайтын шет мемлекеттерге таныс Ерболат Төлепбайдың сурет көрмесі болды. Қазақтың тұрмыс-тіршілігінен, дала тынысы, сұлулығынан сыр шертетін оның туындылары көрмеге келген қонақтардың үлкен қызығушылығын тудырды. Кешті ашқан Қазақстанның Израильдегі елшісі Ғалым Оразбақов екі ел арасындағы мәдениет пен ынтымақтастық дамуының айқын көрінісі осын-

дай рухани байланыстан басталатынын атап өтті. Еліміздің атына жиналған шетелдіктер, елшілерден жылы-жылы лебіздер айтылды. Қарқынды өркендеуіміз, алға басуымыз қай қонақтың болмасын тіліне тиек еткен мәселесі.

Ертеңіне Тель-Авив қаласында Қазақстанның тәуелсіздік мерейтойына орай ұйымдастырылып отырған негізгі іс-шараның легіне біз де қосылдық. Ұлттық өнерімізді айқындайтын би биленіп, күй тартылып, қазақтың әндері шырқалғанда залдағы қонақтардың өзінен-өзі делебесі қозып кеткендей болды. Аттың басын тартамыз ба, өнер жағына келгенде Қадыр атамиздың «Нағыз қазақ осы, міне танып қой» деген үнімен үндес сезіммен аянып қалмадық. Күй тартыс арқылы дархан даламыздың кеңдігін, халқымыздың азат



үнін жеткізуге тырыстық. Бишілерімізді тік тұра қол соғып қошеметтеді.

Тіпті Украинадан келген бір ағамыз Қара теңіздің

жағасында өнер көрсетуге арнайы шақырды. Кеш соңы банкетке ұласты. Бұл кеш қазақ өнерінің Израиль аспанында асқақтаған күні болды. Тәуелсіздік мерекемізді ұлықтауға Израиль халқы да ризашылығын білдірді. Оған біз, ҚазҰУ-дың студенттері атсалысқанымызды зор мақтаныш сезімімен айта аламыз. Өйткені, рухани құндылықтар әрқашанда ұлттың мерейін асыратын шара екені ақиқат.

Жерорта теңізінің жағаға ұрған толқындарын көрудің өзі бір ганибет екен. Үйіміз дәл жанында болғандықтан, кешкілік күнде серуендеу, суға түсуді ресми жоспардан тыс өзіміздің кестемізге бекітіп қойдық.

Қаланың ішінде дүкенге, кафеге, басқа да жерлерге кіргенде корейлік, қытайлықтармен түрімізді әбден шатастырды. Біз болсақ, күлімдей отырып Қазақстаннан екенімізді айтамыз. Бір риза болғаным, біздің ел жайында шетелдіктердің, көшедегі

кездескен көп адамның пікірі құлаққа жағымды. Ең алдымен, әдемілігін айтады. Әсіресе, Астана жайында естулері көп болып шықты.

**P.S.** Сапар соңында көзі қарақты израильдіктер мен Елшіліктегі отандастарымыз Қазақстан халқына, өнерлі студенттерін жіберіп отырған ҚазҰУ-дың басшылығына, ректор Ғалымқайыр Мұтанұлына үлкен алғысын айтып, дұғай-дұғай сәлемдерін жеткізіп қала берді. Ал біз шетелге шығуға мүмкіндік жасаған ағаларымызға шексіз алғысымызды білдіре отырып, аңғарымыз ауған туған жерімізге масаттан аттанып кеттік.

Асқарбек ҚАЗАНҒАП,  
ҚазҰУ-дың журналистика  
факультетінің студенті

Алматы-Тель-Авив-Иерусалим-Алматы





ЦУКУБА – ВИЗИТ ТОП-МЕНЕДЖЕРОВ КАЗНУ

В течение девяти дней топ-менеджеры КазНУ им. аль-Фараби: директор департамента по академическим вопросам Гульнар Балакаева, директор школы Бизнеса и экономики Баян Ермекбаева, декан факультета журналистики Галия Ибраева, декан факультета востоковедения Нуржамал Алдабек, декан факультета философии и политологии Акталкын Кульсариева познакомились с лучшими образцами японского образования. Посетили семь университетов страны Восходящего Солнца: Токийский и Софийский университеты в Токио, университет Киото и Дошиша, Руцумейкан в Киото, университет Осака и Цукуба, ряд научно-исследовательских центров, провели переговоры о научном сотрудничестве и подписали официальные договоры об обмене студентами, магистрантами, докторантами и преподавателями. Этот визит был важен в связи с преобразованием КазНУ в университет нового типа – исследовательский центр страны.

Несмотря на краткий срок пребывания в Японии делегации удалось подписать Договор об обмене студентами и учеными с университетом Цукуба, что, в принципе, очень редко происходит в японских университетах, так как каждый документ проходит тщательную и долговременную экспертизу. Многолетние связи КазНУ с университетом Цукуба стали залогом столь быстрого решения.

НАШ ГЛАВНЫЙ ПАРТНЕР В ЯПОНИИ

Университет Цукуба входит в 20-ку лучших университетов Азии, подготовил трех лауреатов Нобелевской премии, имеет наибольшее число иностранных студентов среди вузов Японии. Но самое главное Цукуба – это знаменитый наукоград. Все репортажи мировых агентств о науке Японии – о создании роботов-гуманоидов, об успешных опытах продления жизни, об экспериментах в области нанотехнологии и биологии – из Цукуба.

Университет Цукуба решением правительства является основой научного развития страны, поэтому здесь сосредоточены главные научные институты Японии. Они развивают такие важные отрасли, как нанотехнология, роботостроение, биотехнология, космонавтика и т.д.

Японские ученые проявили неподдельный интерес к казахстанским коллегам, как к будущим научным партнерам в разных областях науки. Они уже имеют опыт общения с учеными КазНУ. Например, профессора КазНУ Алия Аскаррова, Зулхаир Мансуров и др. На протяжении многих лет они сотрудничают с ведущим Токийским университетом,



# Казахстан – Япония: ВИЗИТ НАУКИ И ДРУЖБЫ

Стало доброй традицией посещение зарубежных университетов учеными из КазНУ имени аль-Фараби. В университетах Великобритании, США, на этот раз Японии по крупницам собирается ценный опыт инновационных проектов, прогрессивных нововведений и технологий образования.

ведут подготовку молодых ученых для совместных научных проектов по созданию энергетических ресурсов Казахстана. Делегацию Казахстана практически в каждом университете Японии сопровождали стажеры из КазНУ, изучающие японский язык в рамках университетского обмена студентами, а также по программе «Болашак».

Нашу делегацию в университете Цукуба принимал вице-президент Моримото Коиси, представил блестящую презентацию, раскрыл потенциал научно-исследовательского центра страны. Ошеломляющие успехи университета в области разработки роботов-гуманоидов, нанотехнологий, хирургии и медицины произвели сильное впечатление. Руководитель университета подтвердил намерение о сотрудничестве с КазНУ в области высоких технологий.

В последующие дни участники делегации из КазНУ были допущены в научные лаборатории центра TARA, где проводятся исследования по молекулярной и генетической биологии, полимерам, мультимедиа, нанотехнологиям, экологической системе, психологии, химии. А также в лабораторию, где ученые проводили уникальные эксперименты с крысами и мышами, позволяющие обнаружить секреты долголетия, сохранения здоровья и избавления от генетических заболеваний. Ученый Аки Фукамизи-сан на примере дождевых червей показывал,

как с помощью генной инженерии удалось продлить их жизнь почти в два раза, что дает шанс раскрыть формулу долголетия. Он проявил интерес к разработкам казахстанских ученых в этой области, когда мы ему рассказали о программе интеллектуального развития нации, среди задач которой есть и продление жизни, проект антистарения. В лабораториях проводились также эксперименты на разных типах сложного оборудования, которые по стоимости превосходили дорогостоящие автомобили, однако к ним свободно допускались студенты и магистранты.

Вопросы, связанные с учебным процессом, обсуждали с ректором по учебным вопросам. В университете Цукума открыты три учебных программы по Центральной Азии. Руководит программами профессор Усияма-сан, а также выпускник Токийского университета профессор Тимур Дадабаев.

ПРОГРАММА «ГЛОБАЛ 30»

Накануне визита делегации из Казахстана вице-президенты 13 японских университетов провели пресс-конференцию, на которой официально заявили о проекте «Глобал 30», цель которого – интернационализация науки и образования. Проект направлен на поддержку университетов, которые будут обучать иностранных студентов. Вице-президент Kazuko Shiojiri

университета Цукуба от имени всех участников призвал к дальнейшему совершенствованию и укреплению проекта для повышения международной конкурентоспособности и укрепления высокого качества человеческих ресурсов, которые будут работать на мировой арене. На встрече с нашей делегацией он вновь сказал, что цель университета – интернационализация достижений науки, создание международного центра образования и исследований, которые будут способствовать прогрессу и миру в глобализованном мире.

Вице-президенты университета Цукуба также подчеркивали, что университет решает три важные для XXI века задачи. Первая – накапливать и распространять знания

КАЗАХСКИЕ УЧЕНЫЕ В ЯПОНСКОЙ ТЕЛЕКОМПАНИИ ЭН-ЭЙЧ-КЕЙ

Изюминкой визита стало посещение знаменитой общественной телерадиокомпании Японии – Nippon Hoso Kyokai или Эн-Эйч-Кей – Японской национальной общественной телерадиокомпании. Уважение к нашей делегации проявлено было тем, что нам позволили присутствовать во время прямого эфира Всемирной телевизионной службы Эн-Эйч-Кей, что в принципе не допускается. Тем более, что шел очень важный репортаж, связанный с конфликтом между Северной и Южной Кореей. Ученые из КазНУ находились в программной студии режиссера, видели, как в ожидании эфира общались по мониторам тележурналисты с репортерами, находившимися в разных точках планеты – Вашингтоне, Москве, Пекине, Южной Корее и др. Как традиционно сложно шел выпуск новостей, как



на основе высокого уровня научных исследований; вторая – заключается в создании условий для появления будущих лидеров глобализованного общества, а третья – предоставление решений на глобальном уровне социальных проблем. Решая эти вопросы, университет создал международные центры в Северной Африке и Центральной Азии, что позволило принимать многочисленных студентов из Казахстана, Узбекистана, Кыргызстана и др. Много студентов из других регионов Азии, а также Европы, США, Китая. Сейчас университет занимает второе место среди университетов Японии по числу иностранных студентов. К 2020 году каждый четвертый студент и каждый десятый преподаватель университета Цукуба будут представителями других государств.

Подписание договора о сотрудничестве с университетом, где в основу положен принцип поощрения обмена между иностранными студентами и местной общиной, установления прочных научных интернациональных связей, создает реальные перспективы для казахстанских студентов и молодых ученых.

рядом, в прекрасно оснащенной студии, сидел диктор, и наших делегатов вежливо просили не входить в кадр, так как стены студии были прозрачными. Эта атмосфера предсобития, а затем и прямого вещания, произвела сильное впечатление.

Наша делегация также присутствовала на прямом эфире Всемирной службы радио, где, как оказалось, есть русская служба новостей. Продюсер мультилингвистической редакции международной службы радио Эн-Эйч-Кей Казухито Сузуки-сан, а также представители русской редакции официально пригласили студентов факультета журналистики КазНУ на летнюю практику и предложили открыть филиал редакции Эн-Эйч-Кей на студенческом радио нашего университета.

Завершающим аккордом поездки стало предложение крупной японской компании «Тошиба» предоставить нашему университету техническое оборудование для активного изучения японского языка в Казахстане.

Г.Ж.ИБРАЕВА,  
декан факультета журналистики

■ Тәжірибе

## ҚазҰУ мен ЦУКУБА университеті арасындағы алтын көпір

Қараша айының 22-інші жұлдызынан желтоқсанның 2-сі аралығында біздер: Академиялық департамент төрайымы Г.Т.Балакаева, Экономика және бизнес Жоғары мектебінің деканы Б.Ж. Ермекбаева, шығыстану факультетінің деканы Н.Ә.Алдабек, философия және саясаттану факультетінің деканы А.Т. Құлсариева, журналистика факультетінің деканы Ғ.Ж. Ыбраева Жапонияның ЦУКУБА университетінің шақыртуымен, оқу ісін басқаруды ұйымдастырудың басшыларына арналған курста өз білімімізді көтеріп қайттық.

ЦУКУБА университеті – Жапониядағы үлкен ғылыми-зерттеу университетінің бірі.

Университетте 17 мыңнан астам студент, 4000-ға жуық оқытушы-прфессор қызмет жасайды. Оның ішінде 3 Нобель сыйлығының лауреаты бар екен. Олардың екеуі физика, біреуі химия саласында еңбек ететін профессорлар.

ЦУКУБА университеті ғылыми зерттеу және білім беру қызметін бірге жүргізеді. Оқу ісінің жүргізілу тәртібі біздің тәжірибеміздей. Кредиттік технология жүйесі толық енгізілген.

Студенттердің жылдық оқу жүктемесі 15 кредиттен 45 кредитке дейін. Бір кредит 45 сағатқа тең. Оқу мерзімі бакалавриатта – 4 жыл (124R кредит). Емтихан тапсыруға 1 апта беріледі. Оқытушының жүктемесі бір жылға 18-247 кредит, яғни 6-8 пән. Университеттегі тәртіп бойынша оқытушылар аптасына уни-

верситетте 40 сағат болуы тиіс. Бұл уақытта ғылыми, оқу, тәрбие жұмысымен айналысады.

Магистранттар мен докторанттар күніне толық жұмыс уақытын университетте өткізеді. Бізді қызықтырғаны, студенттер мен магистранттардың білім алуына, ғылыми зерттеуіне жасалған мүмкіндіктері.

Біз ЦУКУБА университетінен басқа Токио, Киото, Осака қалаларының да бірнеше оқу орнында болдық.

Олар: Токио Sophia, Kyoto, Osako, Doshisha, Ritsumeikan университеттері. Барлық университеттер Қазақстан еліне үлкен құрметпен және қызығушылықпен қарайтынын көрсетті. Бір айта кетерлігі, біз, бұл университеттерге Қазақстаннанбарған

алғашқы ғалымдар тобы болдық. Кездесулерде Қазақ ұлттық университеті мен Жапония университеттері арасында студенттерді алмасып оқыту, біріккен ғылыми жобалар жасау, бірлесіп маман дайындау мәселелері көтерілді және екі жақты қолдау табылды.

Әсіресе, бизнес білімді, инновациялық зерттеулерді жетілдіруде жаксы тәжірибе алып қайттық.

Бізді осындай сапарға жіберіп, мол, пайдалы тәжірибе алуға мүмкіншілік тудырған университет басшыларына үлкен алғысымызды білдіреміз.

Баян ЕРМЕКБАЕВА,  
Экономика және бизнес Жоғары мектебінің деканы





**Ж.Д.ЕСИМОВА,**  
ф.ғ.н., филология  
факультеті деканының  
тәрбие ісі жөніндегі  
орынбасары

## “Беделі биік берекелі жыл”

Өтіп бара жатқан жылдың құбылысы ерекше ЕҚЫҰ саммитінің өтуі қазақ елі үшін үлкен оқиға болды. Бұл еліміздегі кез келген ұлт үшін мақтаныш...

Еліміз егемендігін алып, керегеміз кен, тереземіз тең болғалы еңсеміз көтеріліп, бойымызды нық ұстаудамыз. Егемендігімізді алған осы он тоғыз жылдың ішінде мемлекетіміздің көсегесі көгеріп, халқымыздың әл-ауқаты жақсарып,

алдыңғы қатарлы елдердің біріне айналдық. Осы жылдар ішінде қара шанырақ, білім мен ғылымның ордасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жеткен жетістіктері, асқан белестері, шыққан шындары да аз болмады. Алысқа бармай-ақ, өткен 2010 барыс жылын мысалға келтірсек те, ҚазҰУ-дың мерейін асқататары хақ. ҚазҰУ Қазақстан Республикасының, мемлекетіміздегі халықтардың, әр алуан ұлт өкілдерінің экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайына орасан зор үлес қосуда деп есептеймін. Астанада өткен ЕҚЫҰ саммитіне де қолдау білдіріп, университетіміздің ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлы Мұтановтың бастамасымен, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан Стратегиялық зерттеулер институты және Астанадағы ЕҚЫҰ Орталығының бірлесіп ұйымдастыруымен «Астанадағы ЕҚЫҰ саммиті – Қазақстан төрағалығының қорытынды кезеңі» атты дөңгелек үстелдің өтуі мұның бір дәлелі десек артық айтпаған болар едік. Республикалық «Ана тілі аруы мен сұлтаны» байқауының жеңімпаздары да біздің университетіміздің

студенттері. Көптеген жылдан бері алғаш рет Республикалық «Ана тілі аруы» байқауының бас жүлдегері, филология факультетінің 1-курс студенті Әшірәлі Әйгерім де университеттің беделін асқаттатты. Өткен жылды осындай қуантарлық істермен тамдасак, келер, 2011 қоян жылы бұдан да артық жетістіктерімен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, ҚазҰУ қалашығының ұстаздары мен студенттерін қуантады деген нық сенімдеміз! Сенімімізге айғақ ретінде барыс елінің әлемдік аренада беделін нығайтар, абыройын асқаттар Азида олимпиадасына да біздің университетіміз өз үлесін қосуда. Оның бір себебі, филология факультетінің 3-курс студенті Сафина Евгения конькимен жүгіру жарысынан олимпиадаға қатыспақшы. Әрине, ол тек университетіміздің ғана емес, мемлекетіміздің де үміті екені айдан анық. Біз студентімізге орасан зор жетістік пен жеңіс тілейміз! Келер жылы студенттердің қоғамдық белсенділігін арттыру және ҚазҰУ-дың студенті деген атаққа лайық болу үшін факультет ұжымы аянбай жұмыс істейді.



**Т.М.ШАЛАХМЕТОВА,**  
д.б.н., декан  
биологического  
факультета,  
профессор

## “Чем мне запомнился уходящий год”

Как и в предыдущие годы, уходящий 2010 год ознаменовался активной и плодотворной работой дружного коллектива преподавателей и студентов, и по итогам рейтинга биологический факультет прочно удерживает 2 место среди 13 факультетов в течение последних лет. Очень важными событиями можно назвать: повышение успеваемости студентов до 95%, поступление 430 студентов на первый курс, среди которых более 20 Алтын белгі и призеров международных олимпиад; разработка и внедрение экспериментальных образовательных программ по всем 6 специальностям (биологии, биотехнологии, экологии и др.), содержание которых стало соответствовать программам зарубежных университетов, проведение республиканской предметной олимпиады среди студентов вузов. Радует то, что студенты биофака, приняв активное участие, показали высокие знания и заняли призовые места по всем специальностям (по биологии, биотехнологии, экологии). Преподавателями факультета защищены 6 докторских, 11 кандидатских диссертаций, а также подготовлены 6 PhD, которые также влились в коллектив ППС. В результате конкурсов различных фондов сотрудники факультета выиграли и выполняют более 40 научных проектов, активно привлекая к научной работе студентов на платной основе. В 2010 году 22 преподавателя и 15 студентов факультета имели возможность обучаться и работать в зарубежных научных центрах. Мы гордимся также достижениями наших студентов, обучающихся по специальности «Физическая культура и спорт», которые участвовали в 32 международных и республиканских соревнованиях, заняли призовые места, награждены медалями и принесли славу нашему университету.

# Өткен жыл несімен есіңізде қалды?



**Г.Н.СМАҒҰЛОВА,** ф.ғ.д.,  
филология факультеті қазақ  
филологиясы кафедрасының  
профессоры

## “Мен үшін ең елеулі жыл”

Ең алдымен басымыз аман, бауырымыз бүтін дегендей, Аллаға шүкір, өткен жылға өкпеміз жоқ. Енді міне, амандықпен жаңа жылмен қауышуға жазсын!

Өткен жыл өзім үшін де, отбасым мен Ұлттық университеттегі сүйікті ұжымым үшін де аса бір жайлы, жағымды көңіл сыйлаған маңызды айларға толы кезең ретінде есте қалды... Себебі, осы жылы мерейтой иесі ретінде ғалым-ұстаз атты абыройлы істің есебін қазақ филологиясы кафедрасы өткізген «Адам –Тіл – Мәдениет» атты халықаралық ғылыми конференция аясында баяндадым. Конференция материалдары және ғылыми жинақ болып шықты. Ресейлік ғалым әріптестерім де өз үлестерін қосты.

Білім жинау, тәжірибе алмасу қай кезде болса да бүгінгі таңда ауадай қажет нәрсе. ҚазҰУ көктемде мені Бейжіңдегі Ұлттар Университетінің шақыртуы бойынша 1 ай дәріс оқуға жіберді. Тула университеттері өткізген халықаралық ғылыми конференцияға қатысып келдім.

Жоғары оқу орындарының қауымдастығы үздік оқулық авторы ретінде А.Байтұрсынұлы атындағы «Сандық автор» медалімен марапаттады. Шынында, бұл жыл мен үшін ең елеулі жыл ретінде есте қалды!

*Өткен өмір – тарих. Тарихқа тағзым ету болашаққа даңғыл жол ашпақ. Хакім Абайдың “өзіңе өзің есеп бер” деген қағидасын негізге алып әркім жаңа жыл алдында өтіп бара жатқан жыл несімен есте қалғанына тоқталым, бір сәтке ой жүгіртемді. Осы орайда 2010 жыл еліміз үшін, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үшін қандай жаңалықтарға толы болды? Барыс жылы университеттің оқытушы-профессорлары құрамында несімен есте қалды деген сауалнаманы назарларыңызға ұсынып отырмыз.*



**Ф.Т.КУКЕЕВА,**  
профессор ФМО

## “Год был особым для нашего факультета”

2010 г. был особым для нашего факультета международных отношений. ФМО отметил свое пятидесятилетие. Нас пришли поздравить выпускники разных лет, которые работают в МИД РК, Парламенте, Аппарате Президента, посольствах РК в странах Европы, Америки, Азии, международных организациях. Представители посольств и внешнеполитических ведомств за-

рубежных стран выступили с приветствиями.

ФМО известен своими научными связями с известными университетами и исследовательскими центрами США, Франции, Германии, Японии и др.

В планах нашего факультета открытие новых специальностей и специализаций, образовательных программ и проведение международных летних

школ для студентов, магистрантов, докторантов из Центральной Азии, США, Европы.

Я желаю всем своим коллегам и студентам больших творческих успехов, новых достижений и крепкого здоровья. Надеюсь, что наш университет в новом 2011 г. выйдет на новые рубежи, а наши дипломы станут узнаваемы и признаваемы во всем мире.

## «БУДНИ И ПРАЗДНИКИ СТУДЕНТОВ ФИЛОЛОГИЧЕСКОГО ФАКУЛЬТЕТА»

До нового 2011 года остаются считанные дни. Город, наконец-таки укрытый первым настоящим снегом, утопает в блеске праздничных огней. Ведь каждый считает своим долгом внести посильную лепту в создание этого самого новогоднего настроения. Вот и администрация КазНУ им. аль-Фараби не исключение: территория студенческого городка украшена как никогда ярко. Проходя поздним вечером по университетским аллеям, чувствуешь себя звездой новогоднего мюзикла, а вокруг телекамеры, восхищенные взгляды зрителей, цветы, овации...

Неплохая перспектива на будущее. Но реальность выглядит немного иначе: лекции, семинары, СРС и подготовка к зимней сессии. И чтобы окончательно не погрязнуть в рутине, студенты филологического факультета совместно с кафедрой русской и мировой литературы организовали литературно-художественное объединение

«Аккайын» (руководители-завкафедрой русской и мировой литературы, профессор Б.У.Джолдасбекова, доцент А.Е.Елубаева), в рамках которого периодически проводятся творческие вечера, где, кстати, могут принимать участие студенты не только филологического, но и других факультетов. Зачем? Да хотя бы для того, чтобы просто познакомиться друг с другом. Ведь часто мы даже не знаем, как зовут ребят, которые учатся курсом ниже. Ну и, конечно, наличие творческой энергии приветствуется и всячески поощряется.

Например, на одном из последних мероприятий «Осень – палитра чувств», прошедшем в октябре, все собравшиеся были приятно удивлены поэтическими способностями студентов факультета журналистики. Хотя... Что уж тут странного? Осенний листопад всегда пробуждал бурю эмоций в творческих душах. И даже сам Александр Сергеевич был без ума от осенней поры.

А в начале декабря состоялся вечер «Зимние мотивы». Благо, погода поспособствовала соответствующему настроению обильным снегопадом. Но, надо отметить, ребята-гитаристы, уже традиционные участники наших встреч (Мухаметжанов А., студент 3-его курса юрфака, Султанбек Б., студент 3-его курса филфака, В.Евсюков, студент 1-го курса филфака и другие) зажили публику не по-зимнему горячими мелодиями. И зрители в долгу не остались, наградив выступающих бурными аплодисментами.

Не могу не сказать, что вся эта предпраздничная лихорадка в этом году воспринимается лично мной иначе, нежели раньше. Это магическое сочетание цифр 2011...

**Студент 4 курса филологического факультета Медведев Евгений (под руководством доцента кафедры русской и мировой литературы Н.К.Сарсекеевой)**



16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні. Бұл ұлы күнге жету үшін түлкі бұлаң тарихтың нешеме бұрылысында талай тарланның тақымындағы тер кеппеді. Осы жолдағы ғасырлар бойы жалғасқан соғыстар, көтерілістер қазақ қауымының бас көтерген батыр да ержүрек перзенттерінің Желтоқсан оқиғасына ұласты.

## КИЕЛІ ҰҒЫМ

Ондаған мың ұл-қыздарымыз қатігездікпен жазылатынын біле тұрып, қаруланған әскердің темір соққысының астында қалып, қақаған аязда мұздай су шашқанына, итпен талатып, жаппай тұтқындағандарына қарамастан, тіптен өз жандарын құрбан етіп, республиканың дербестігі, тәуелсіздігі жолында қайтпай күресіп, нәтижесінде халқымызға егемендік сыйлады. Міне, сол Желтоқсан құрбандарының арқасында Қазақстан XX ғасырдың айтулы оқиғасын бастан кешіп, жаңа мыңжылдықтың табалдырығын жаңғырған қалпында атап, бүгінде дамудың даңғыл жолына түскен, өзіне тән барлық институттары бар, мемлекеттік, демократиялық, экономикалық дамуының берік іргетасы қаланған, дамыған өркениетті елдердің ешқайсысынан кем түспейтін, әлемдік аренада өзіндік орны бар елге айнала білді. Әрине, бар-жоғы 19 жыл ішінде мұндай елеулі жетістіктерге жеткеніміз үлкен мақтанш. Алайда Елбасымыздың «Күрделі кезеңнің күйбеңімен жүріп, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының тарихи маңызын толық дәрежеде бағалап үлгерген жоқпыз», – деген сөздерін естігенімде «Расында да тәуелсіздігімізге түрткі болған желтоқсаншылардың өшпес ерлігін паш ете алмадық па? Олардың қанымен, жанымен келген Тәуелсіздігімізді тиісті деңгейде бағалап жүрміз бе?» деген ойлар жанымды жегідей жейді. Республика болып ұлттық санамызда, тарихымызда жоқ славянтектес халықтардың Жаңа жылына бір ай бұрын атойлатып тұрып дайындалып, ал Тәуелсіздік күніне жай бір аталмыш кішігірім мерекедей қарайтынымыз намысыма тиеді. Ол аздай, егемен ел аталғалы қаншама мемлекеттік, әлемдік жетістіктерге қол жеткізе тұрып, ең басты құндылығымыз – ана тіліміздің мүшкіл халіне дұрыс көңіл аударылмай жатқандығы одан сайын қынжылтады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, соңғы жылдарға дейін еліміздегі қазақтардың 40%-ы қазақ тілін мүлде білмейтіндер не шала білетіндер екендігі анықталған. Неткен масқара?! Ендеше, «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» – деп іс жүзінде ғана сайрап, алайда өз ұлттық уызымызға өзіміз жарымай жатып, «үш тұғырлы тілді, ананы-мынаны меңгеруіміз қажет» дегеніміз қай сасқанымыз... Қандай мықты ел болса да, өркениеттер аламан жарысында тәлім-тәрбие, білім-ғылымды өз тілінде игермеген халықтың келешегінен қайран жоқ. Себебі, тілінен айырылған ел дүбара санамен мемлекеттілігін сақтай алғанымен, түбінде болашағы бұлыңғырланып, ұлт болудан қалмақ. Олай болса, ғасырлар бойы қалыптасқан біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымыз, салт-санамыз бен дініміз, тарихымыз жатқан ана тілімізді жетім балаша босағада жәудіретпей, тәуелсіздігімізбен бірге төрімізге шығарып, төбемізге көтеру – бүгінгі күннің басты міндеті екенін ұмытпайық, ағайын!

Әсем АЛШЫНБАЕВА,  
Студенттік баспасөз орталығы

■ Рух

# ТҰҒЫРЛЫ ТӘУЕЛСІЗДІК

16 желтоқсан қазақ халқының тарихындағы шешуші де сындарлы кезең болғаны рас. Аталмыш мереке аясында тарих факультетінің жаңа, қазіргі заман және Тәуелсіз Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамымен бірқатар тәрбиелік шаралар ұйымдастырылды.

Атап өтер болсақ, 2010 жылдың 4-5 қарашасында жастардың бойында патриоттық, мақтанш сезімін қалыптастырып дамыту мақсатында тарихымыздың ірі тұлғаларының бірі – Бауыржан Момышұлының 100 жылдық мерейтойына арналған «Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы және қазіргі заман» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды. Конференцияға батырдың ұлы Бакытжан Момышұлы, келіні Зейнеп Ахметова және Ресей Федерациясының Бас консулы Мещаников Борислав Борисович, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Нұрлан Оразалин, ҚР БЖҒМ Ғылым комитеті Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Мажитов Саттар Фазылұлы, соғыс ардагері Балақаев Төлтай Балақайұлы, ҚазҰУ-дың соғыс және еңбек ардагері Жұматов Ғаббас Жұматұлы, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер Серікбаев Ким Серікбайұлы және тағы да басқа әскери профессорлар мен қайраткерлер қонаққа шақырылды.

Бүгінде кафедра жанында «Жас тарихшы» және «Тәуелсіз жастар» атты үйірмелер жұмыс жасайды. «Жас тарихшы» үйірмесі басқа факультет студенттерімен жұмыс істеуге бағытталған. Аталған үйірмелер мүшелерінің жетекшілігімен химия факультетінің 1-курс студенттері арасында 2010 жылдың қараша айының 4-жұлдызында «Тәуелсіздік – тұғырым» атты тарихи танымдық сайыс өтті. Сайысқа қатысқан командалар территориялық аймақтық құрылымға негізделе құрылып, оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс, орталық өлкелердің тарихымен байланысты төрт тур сауалдарға жауап беріп, өздерінің тарихи білімдерін ортаға салды. Сонымен қатар, тарихи танымдық турлар арасында үйірме өнерпаздары патриоттық әндер орындап, би билеп, өз өнерлерімен сайысқа мерекелік сипат берді.

Тәуелсіздік күніне орай кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы, кафедра магистранттары 2010 жылдың 2 желтоқсанында «Қазақстан

Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» тақырыбында тарих факультетінің жатақханасында студенттермен кездесу өткізді. Кездесу аясында тәуелсіздігіміздің тарихы жайында, Желтоқсан оқиғасы турасында әңгімелер айтылып, студенттер тарапынан сұрақтар қойылып пікір алмасу жүрді. Кездесуде кафедра менгерушісі профессор Қаражан Қуанышбек Сүлейменұлы, профессор Ташенев Мұрат Жұмабайұлы 1986 жылдың 16-17 желтоқсанындағы болған оқиғалар туралы естеліктерімен бөліссе, Сәдуақасова Зақыш Төлеуханқызы, Қозыбақова Фатима Ақынбайқызы сынды профессор-оқытушыларымыз мерекелік құттықтау тілектерін білдірді. Кездесу барысында студенттер мен оқытушылар арасында викториналық ойындар ұйымдастырылып, әндер шырқалды.

Студенттер арасында мұндай шаралар ұйымдастырудың тәрбиелік мәні өте зор екені еш күмән туғызбайды. Жастарды отансүйгіштікке, елін, жерін тарихын құрметтеуге, өткенімізді үлгі тұтуға, қадірлеуге баулуда, бағыттауда мұндай шаралардың жиі өткізілгені игі іс болары анық. Қазақ халқының егемендік жолында аянбай жүргізген күрестерінен ғибрат ала отырып, тәуелсіздіктің оңай келмегенін, оның мәні мен қадірінің, тарихының маңызын жас ұрпақ дұрыс бағалай білуі тиіс. Осы кезекте Желтоқсан оқиғасына жеке тоқталмасқа болмайды. Кафедра ұжымы желтоқсан айының 10-ыншы жұлдызына Желтоқсан оқиғасының куәгері, Желтоқсан оқиғасында жазықсыз жапа шеккендердің бірі – Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті саясаттану және құқық кафедрасының доценті, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты Қарабаев Шора Қалыпұлымен кездесу ұйымдастырды. Кездесуге тарих факультетімен қатар, химия, география факультеттерінің студенттері де шақырылды. Кездесу барысында құрметті қонақпен пікір алмасып, ой бөліскен студенттер өз өнерлерін де ортаға салды. Қазақ халқының жасымайтын асқақ жігерлі рухы, қайтпайтын



табандылығы – өшпес өнеге, өлмес мұра ретінде сақталуға тиіс.

Осы орайда, кафедра ұжымы барша университет ұжымы мен студенттер қауымын Тәуелсіздік мерекесімен құттықтап, тәуелсіздігіміз баянды, заманымыз тыныш, еліміз аман болсын деген тілек білдіреді!

Ақжамал МАШРУПҚЫЗЫ,  
жаңа, қазіргі заман және тәуелсіз  
Қазақстан тарихы кафедрасының аға  
оқытушысы

## Желтоқсан құрбандарына тағзым

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
колледжінде желтоқсанның  
15-жұлдызында «Желтоқсан  
құрбандарына тағзым»  
тақырыбында ашық тәрбие сағаты  
өтті. Сабақтың соңы ғылыми-  
танымдық конференцияға ұласты.

Баян Сүлейменқызының жетекшілігімен өткен сабақтың мақсаты жастарымызға тәуелсіздіктің қадірін сезіндіру еді және ол мақсат жүзеге асты. Себебі қойылған көріністе студенттеріміз бар жанымен образға кіріп, ұлттық мүддемізді көздеген 1986 жылғы көтерілісті көз алдымызға әкелгендей болды. Желтоқсанның ызғарын жастарымыздың сезінгені байқалып тұрды.

Сол кездегі Ләззат, Ербол, Қайраттың рухтары өлген жоқ. Сондай ұлт жанды азаматтарымыздың жалғасы осы жастар екенін ұғындық. Асқар таудың биіктігі алыстаған сайын байқалатын секілді, Желтоқсан көтерілісіне 24 жыл толса да, жыл санап өз құндылығын асырып жатыр. Өйткені осы көтерілісті зерттеушілеріміз жылда бір жаңа деректерді ашып, сол кезде айтылмаған кейбір ащы шындықты зерттеп жатыр.

Тәуелсіздігімізді тұғырлы ету үшін жастарымызға, ең алдымен, тарихымызды танытып, оны сыйлауға үйретуіміз керек. Желтоқсан желінің қаншалықты ызғарлы болғанына тарих куә. Ал тарих – кеше, бүгін және болашақтың жалғастырғыш көпірі. Ертенгі ұлт

мәселесінде елдің жоғын жоқтайтын осы жас буын. Сондықтан да жастарымыздың осындай мәселені сезінуі, түсінуі өте маңызды. Осындай ұлт жанды ұл мен қыз тудырған халқымыз мәңгі жасасын. Ербол, Ләззат, Қайрат, Сабира сынды ұл-қыздарымыздың қанымен келген, жанымен келген тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын. Олардың есімдерін ұлықтайтын ертеңіміз еңселі болсын. Желтоқсан құрбандары, яғни тәуелсіздігіміздің құрбандарына тағзым етіп, басымызды иеміз. Оларға тағзым ету біздің қасиетті борышымыз екенін ұмытпайық.

Салтанат ӘБДІБАЕВА,  
ҚазҰУ колледжінің  
мұғалімі





Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2010–2011 оқу жылынан бастап эксперименталды оқу бағдарламасы енгізілгені белгілі. Бұл бағдарламаның шетелдік жоғары оқу орындарындағы озық тәжірибелерді үйрену арқылы еліміздің білім беру жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру үшін маңызы зор. АҚШ-тың Оклахома Штаты университетінің Медиа және стратегиялық коммуникация мектебінде ғылыми тағылымдамадан өту барысында оқу бағдарламаларын қоғам дамуына сай өзгерту тәжірибесі шетелдік оқу орындарына да тән сипат екеніне осы мектептің директоры, профессор Дерина Холтжаусенмен (Derina Holtzhausen) сұхбат барысында көзім жетті.

# ОҚУ ЖОСПАРЫНА ӨЗГЕРІС – ӨМІР ТАЛАБЫ

— Оклахома Штаты Университетінің Медиа және стратегиялық коммуникация мектебі оқу жоспарын жасауда нені басшылыққа алады?

— Қазіргі демократиялық қоғам тәжірибесіне сүйенсек, бұқаралық ақпарат құралдары үшін халыққа ақпаратты қалай жеткізу емес, қандай ақпарат беру және оның сапасы маңызды. Сондықтан Медиа және стратегиялық коммуникация мектебінің оқу жоспары стратегиялық коммуникациялық әдістерді оқытуға негізделіп жасалған. Соңғы екі жыл көлемінде енгізілген өзгерістер бойынша мультимедиялық журналистика, спорт журналистикасы және стратегиялық коммуникация саласына маман даярлауға басымдылық берілді. Қоршаған ортадағы күнделікті болып жатқан өзгерістер болашақ журналистерден БАҚ-тың кез келген саласын меңгеруін талап етуде. Мультимедиялық журналистикаға маманданушылар медианың кез-келген саласын, яғни баспасөз, теле-радио немесе интернетті қатар меңгереді. Оқу жоспарындағы тағы бір ерекшелік спорт журналистикасына қатысты.

Себебі, Оклахома Штаты Университетінің Медиа және стратегиялық коммуникация мектебі — Америка Құрама Штаты бойынша спорт журналистикасы саласында бакалавр дәрежесін дайындайтын аз ғана бағдарламалардың бірі. Сондықтан елдегі барлық спорт саласындағы бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыс жасау арқылы студенттердің жұмыспен қамтылуына мүмкіндік зор. Университет қалашығында ұлттық және аймақтық спорт шаралары жиі өткізіледі. Атап өтерлік жағдай, көптеген бұқаралық ақпарат құралдары спорттық шаралар туралы ақпаратты негізінен Медиа

және стратегиялық коммуникация мектебінің спорт журналистикасына маманданған студенттердің даярлаған ақпараттарын пайдаланады. Осы бағдарлама аясында студенттерге спорттық мультимедиялық журналистика немесе спорттық стратегиялық коммуникация саласын таңдау ұсынылады. Қазіргі жаңа қоғам студенттің бұқаралық ақпарат құралдарының барлық саласын кәсіби деңгейде меңгеруімен қатар, стратегиялық коммуникациялық әдістерді қолдану шеберлігіне назар аударады. Сондықтан стратегиялық коммуникация саласын таңдаған студент те қоғаммен байланысқа немесе жарнамаға мамандануға мүмкіндік берілген. Сондай-ақ студенттің жазу мен сөйлеу шеберлігі, коммуникациялық басқару қағидалары мен олардың тәжірибелерін меңгеруі, деректерді жинақтау мен талдау, стратегиялық ойлауға машықтану ерекше маңызға ие.

— Медиа және стратегиялық коммуникация мектебіне оқуға қабылдау қалай жүргізіледі және бакалавриат студенттерін даярлауда қандай мәселелерге назар аударылады?

— Бакалавриатқа түсу үшін ең алдымен, мектептегі білім көрсеткіші — 28 сағат және ең төменгі GPA (орташа үлгерім деңгейі) — 2,50 болуы шарт. Пәндерге тіркелу және тілдік емтихан қорытындысы бойынша ең төменгі балдық көрсеткіш “С” болумен қатар, компьютерлік курс немесе сауаттылық және минутына 30 сөзді тере білу талап етіледі.

Ал, болашақ журналистерді даярлауда біріншіден, студенттің бұқаралық коммуникация саласында этикалық қағидалар, заңнамалық мәселелер мен конституциялық еркіндікті түсіну және жаза білуіне, екіншіден, бұқаралық коммуникацияның тарихы мен әлеуметтік ролін түсінуіне,

үшіншіден, шығармашылық және жеке көзқарасты білдіру еркіндігіне, төртіншіден, ақпарат жинау мен зерттеу әдістерін білуге, бесіншіден, бұқаралық коммуникацияда жазу, редакциялау және өндірістік әдістерді меңгеруіне ерекше көңіл бөлінеді.

— Бакалавриатты бітірушілерге қойылатын талаптар қандай?

— Бакалавриат бағдарламалары, негізінен, жаза білуге, гуманитарлық ғылымдар мен кәсіби біліктілікті меңгеруіне негізделіп жасалған. Бакалавр дәрежесін алушылардың оқу жоспары бойынша меңгеруі тиіс — 127 сағаттан — 45 сағат медиа және стратегиялық коммуникация саласына бағытталған курстар болса, 65 сағат — гуманитарлық ғылымдар саласындағы дәстүрлі курстарға арналған. Осы курстарды толық аяқтаған студент университетті бітіруші түлек болып есептеледі.

— Магистратура бағдарламалары қалай жүзеге асырылады?

— Медиа және Стратегиялық Коммуникация мектебі бұқаралық коммуникация саласындағы ғылым магистрі дәрежесін алушыларға арнайы курстар ұсынады. Бұқаралық коммуникация саласының бакалавры дәрежесін орташа - 3,0 балмен бітірушілер магистратурада білімін жалғастыра алады. Бітірушіден есеп беру емтиханы (GRE) талап етіледі. Бұқаралық коммуникациядан өзге саланы бітірушілердің Master of Science бағдарламасын таңдауға мүмкіндігі бар.

— Теория мен тәжірибе сабақтастығының ерекшелігі неде?

— Журналистика саласында білім берудің, ең алдымен, теория мен тәжірибенің сабақтастығы ерекше маңызға ие болуы шарт. Студенттер жазуға машықтану негіздерін теория жүзінде үйренумен қатар, оны баспасөз, он-лайн, дыбыс және бейне арқылы тәжірибемен сабақтастырады.

Мәселен, медиа мектеп студенттері университет қалашығында күнделікті шығарылатын “The Daily O’ Collegian” газеті мен оның желілік нұсқасы coolly.com-ды даярлайды, “KOSU және KXZY” радиостанциялары мен әртүрлі арналарда хабарлар жасайды және университет қалашығы бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілері ретінде жұмыспен қамтылған. Сонымен қатар, жергілікті БАҚ-тарда жұмыс істейді. Бұл студенттердің тәжірибе жинақтауына және кәсіби маманмен бірге жұмыс істеуіне берілген үлкен мүмкіндік болып табылады. Көптеген студенттер үшін бұл тек тәжірибе жинақтау ғана емес өз мамандығы бойынша табыс табу жолы.

— Маман даярлауда сұраныс пен ұсыныс заңдылығы ескеріледі ме?

— Медиа және стратегиялық коммуникация мектебінде бакалавр, магистр және PhD дәрежесін алушылардың жұмыс рыногында сұранысқа ие болуы маңызды. Сондықтан білімді игеру қабілеті мен кәсіби біліктілігін бағалауда жоғары курс студенттерінің өндіріспен байланысы — басты талаптардың бірі.

— Соңғы жылдардағы оқу бағдарламаларындағы өзгеріс те, негізінен, сұраныс пен ұсыныстың сәйкес келу заңдылығына негізделген. Бұл қағидалық жүзеге асыру үшін арнайы маманданған орталықтармен жұмыс жасаймыз. Атап айтқанда, мультимедиялық журналистика бойынша Оклахома баспасөз агенттігі, Оңтүстік-шығыс Журналистика Конгресі, Кәсіби Журналистер Қоғамдастығы, FM дикторлары Ұлттық Ассоциациясы, Радио Жарнама Бюросы, Оклахома дикторлар Ассоциациясы, Оклахома радиохабарларын тарату Ассоциациясы және Ұлттық Қоғамдық радиосымен, стратегиялық коммуникация бағдарламасы бойынша америкалық Жарнама Федерациясы, америкалық Жарнама Академиясы, Ұлттық Ассоциация, Жарияланым Қоғамдастығы, Іскери Коммуникаторлар халықаралық ассоциациясы, Америка Қоғаммен байланыс Қоғамдастығы, Коммуникациядағы Әйелдер Ассоциациясымен тығыз байланыс орнатты.

— Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультеті мен Оклахома Штаты университетінің Медиа және стратегиялық коммуникация мектебінің әріптестік байланысын қай салада тереңдетуді ұсынар едіңіз?

— ҚазҰУ-дың журналистика факультетімен біздің әріптестігімізді өте жоғары бағалаймын, болашақта спорт журналистикасы саласында тәжірибемен бөлісуге дайынмын. Сонымен қатар, мультимедиялық журналистика мен стратегиялық коммуникацияның дамуы жөнінде ой салаларлық ортақ мәселелер бар деп ойлаймын.

— Әңгіменізге рахмет!

**Қарлыға МЫСАЕВА,**  
**Oklahoma State University,**  
**School of Media and Strategic Communications (USA)**  
**“Болашақ” стипендиясының иегері**

## 2010 ЖЫЛҒЫ ҚАЗҰУ-ДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИНАЛАР

**15 қаңтар күні** ұлттық оқу орын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өзінің туған күнін атап өтті.

**1 ақпан күні** әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ұжымы Елбасының Қазақстан халқына Жолдауын талқылады.

**14 сәуірде** ҚазҰУ-дың студенттері «Студенттік өмір» интернет-порталын іске қосты.

**15 сәуірде** Ә.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында І Инновациялық конвент өтті. Аталмыш шағаға Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың интеллектуалдық ұлт құру қажеттілігі жөніндегі идеясы арқау болды.

**21 сәуір күні** VIII Халықаралық Еуразиялық Медиа Форумның қарсаңында қара шаңырақта «ҚазҰУ-дың студенттік медиа форумы» атты жана медиа жобаның тұсауы кесілді.

**7 мамырда** ҚазҰУ-дың 20 студентіне Т. Дж. Пак атындағы ПОСКО комбинаты (Оңтүстік Корея Республикасы) қорының шакіртақысы берілді.

**1 қыркүйек** Білім күні ректор, академик Бакытжан Жұмағұловтың “Университет әлемдік инновациялық үдерісте” атты дәрісімен басталды.

**17 қыркүйекте** ҚазҰУ-ға ҚР Қорғаныс министрі Ә.Жақсыбеков келді.

**25 қыркүйек күні** ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде мәдениет қайраткері, дарынды жазушы-журналист, аудармашы Серік Әбдірайымұлы атындағы оқу залының ашылу салтанаты болып өтті.

**1 қазанда** «Болашаққа интеллектуалдық серпіліс» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

**8 қазанда** Мемлекет басшысының Өкімімен Ғалымқайыр Мұтанов әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры қызметіне тағайындалды.

**22 қазанда** университетте «Болашақтың ғылымы» атты халықаралық ғылым және білім конгресі өтті.

**25-31 қазан аралығында** Анкарада түркі тілдес елдердің арасында студенттік универсиада өтіп, ҚазҰУ студенттері жарыста үздік нәтижелер көрсетіп қайтты.

**10-қарашада** С.Демирел университетінің (Түркия Республикасы) ректоры, профессор Месут Ақгүлдің басшылық етуімен түрік делегациясы сапармен келді. Делегацияны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтанов қабылдады.

**18-қарашада** әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Алматы қалалық жоғары оқу орындарының ректорлары ЖОО-дағы сыбайлас жемқорлықпен күресу жолдарын талқылады.

**25-қарашада** Ректор Ғалымқайыр Мұтанов студент белсенділерімен кездесті.

**6-желтоқсанда** Ректорат мәжілісінде Қазақстан-үнді ақпараттық технологиялар орталығының жұмысын жақсарту, ҚазҰУ-дың орталықтарын қайта ұйымдастыру және университеттің жана еншілес мемлекеттік кәсіпорындарын құру, магистратурада жана мамандықтарды ашу сияқты мәселелер назарға алынды.

**Желтоқсанның 11-16 жұлдыздары аралығында** ҚазҰУ-дың өнерпаз студенттері университет ректоры Ғалымқайыр Мұтановтың қолдауымен, бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаевтың бастауымен Израильде іссапармен болып, Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында концерт қойып қайтты.

**15-желтоқсан күні** Тәуелсіздік күні мерекесіне орай, ҚР Президентінің Жарлығымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірнеше қызметкері Мемлекеттік наградаларға ие болды.

**Құрастырушы**  
**Роза Сахыбайқызы**



# Ұлы Баукеңді ұлықтау

17 желтоқсанда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Бауыржан Момышұлының туғанына 100 жыл толу мерейтойына арналған «Бауыржан Момышұлының рухани мұрасы және қазақстандық патриотизм» атты дөңгелек үстел өтті.

Т.Тәжібаев атындағы этнопедагогика және этнопсихология орталығының ұйымдастыруымен өткен дөңгелек үстел жұмысына Ә.Ыдырысов, Ж.Молдабеков, Ж.Әбиев, С.Қалиев сиякті ірі ғалымдар мен полковник М.Сейтқалиев, доцент М.Қалдыбай, Б.Мырзабаева, ғылыми қызметкер О.Масатбаев, Мұхтар Қазыбеков және тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту департаментінің директоры Г.Ә.Сәрсенбековамен бірге факультет декандарының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, магистранттар қатысты.

Бауыржан Момышұлы есімі аталғанда азамат намысы, қайсарлық пен ерлік, ұлттық намыс, Отанды сүю ұғымдары бой көтереді. Бір өзі акикат пен аңызға толы данқты қолбасшы өзінің қанатты сөздерімен тәрбиеге жете көңіл бөліп, батыл да ерлігімен нағыз ержүрек бейнесін келер ұрпаққа аманаттап кетті.

Бауыржан Момышұлы - әкери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, батырлығы

А.Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабында суреттелді. Кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шетел тілдеріне аударылды.

Оның қаламынан туған, өмір шындығын арқау еткен тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларына айналады.

Бауыржан бірнеше орден, медальдармен наградталады, Кенестер Одағының батыры атағын алады. Алайда халықтың өзі «батырым» деп танып, ардақтаған қаһарман ұлына бұл атақ Отан соғысы біткеннен кейін жарты ғасырдай уақыт өткенде барып берілген болатын. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың жарлығымен оған «Халық қаһарманы» деген атақ берілді.

Халқымыздың арғы-бергі тарихында ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен, қол бастаған батырлар аз болған жоқ. Бірақ солардың бәрінен Бауыржанның орны да өзгеше, атағы да айрықша, тұғыры да биік. Себебі, Бауыржан қатысқан екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихына әлемнің 70-тен астам елі қатысқан ең алапат соғыс болып енді. Ол батылдық пен батырлықтың ғана емес, әскери өнер, соғыс тактикасы, ақыл-ой мен білім-біліктің арпалысқан, бес құрлық пен төрт мұхитта адамзат жан алысып, жан беріскен, жер жаһанды қамтыған ғаламат соғыс болды.

Ұлтына деген сүйіспеншілік,



Отан алдындағы адалдық, тәрбие саласындағы көрегендік қасиеттері бір бойына жете біткен Бауыржанның аты өлсе де хаты өлмейді. Осы мақсатта орын алған дөңгелек үстелде сөз алған профессор Қ.Б.Жарықбаев данқты қолбасшының тәлім-тәрбиелік мұрасы туралы кеңінен толғады. Сондай-ақ, отырыс барысында Бауыржан Момышұлының керемет ұстаз, асқан тәлімгер екендігі айтылып, батырдың ел, ер намысы туралы өнегелі сөздерінің құндылығы бұқара назарына ұсынылды. Сонымен бірге отандық ғалымдар қайсар ұлдың ұлттық рух мәселелері, рухани мұрасының қазіргі қазақтану проблемаларымен сабақтастығы туралы мардымды ой қозғап, ауқымды баяндамалар жасады. Бауыржан жайындағы құнды пікірлермен ой бөліскен профессорлар бүгінгі ұрпаққа ұлт үшін туу, ұлт үшін қызмет ету ұғымдарын барынша насихаттай білді.

Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту департаменті

## Спорт

# Сессия алдындағы серпіліс



Желтоқсан айының 16-жұлдызы күні тәуелсіздік мерекесіне орай ҚазҰУ қалашығының директоры Әбдіқахар Сейітжанов Әнуарұлының ұйымдастыруымен ҚазҰУ студенттері арасында шағын футболдан жарыс өтті. Осы оқу жылында тұсауы кесілген жаңа алаңда университеттің әр факультетінде дәріс алып жатқан білімгерлер теңбіл доп ойынынан бақ сынасты.

ҚазҰУ қалашығында орналасқан университет жатақханасының студенттерінен құралған 13 команда осы футбол жарысында өздерінің спортқа деген ептілігін, салауатты өмір салтына деген құрметін танытты. Ойынның өте жоғары дәрежеде өткенін жанкүйерлердің жарқын жүздері аңғартқартып тұрды. Тартысты өткен спорт жарысында 1-орынды философия және саясаттану факультетінің «Тұлпар» командасы (сыйлыққа 5000 теңге), 2-орынды химия факультетінің «Химик brathers» (3000 теңге) және 3-орынды география факультетінің «Геофак» командасы (2000 теңге) қанжығасына байлады.

Сондай-ақ спорттық бәсекеде ерекше дараланған ойыншылар да әділ-қазылар назарына ілігіп,

арнайы аталымдармен марапатталды. Осы кезекте 19 голдың авторы философия және саясаттану факультетінің I-курс студенті Ерасыл Палмұрзаев «Үздік шабуылдаушы» атағын жеңіп алса, журналистика факультетінің 1-курс студенті Асқар Хамиденов ойын кезінде шеберлік танытып, «Шебер ойыншы» атағына ие болды. Футбол соңында Ә.Әнуарұлы студенттерді тәуесіздігімізбен құттықтап, алдағы уақытта студенттердің уақытын тиімді әрі қызықты өткізу мақсатында ұйымдастырылатын әлі талай көптеген шаралардың куәсі болатынымызды нық сеніммен айтты.

Сағыныш НАЗАРОВА, журналистика факультеті баспа ісі және БАҚ дизайны кафедрасының 3-курс студенті

Бағасы келісім бойынша. Таралымы — 1000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. Тапсырыс №682

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор —  
Жауапты хатшы —  
Редакторлар —  
Фототілші —

Дәрмен СМАЙЫЛ  
Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,  
Уәли ҚЫДЫРОВ  
Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

## МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-кабат, №1104 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. “Кредосс-Б” баспаханасында (Егізбаев 7<sup>А</sup> көшесі) басылды. Тел.: 8 (727) 3-94-24-45